

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру
нұсқаушылары мен спорт әдіскерлерінің арасында
«Бестемше» қазақтың ұлттық ойынынан облыстық оқу-әдістемелік
семинары**

13 қаңтар 2023 жыл

Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының жоспарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушылары мен спорт әдіскерлерінің арасында «Бестемше» қазақтың ұлттық ойынынан облыстық оқу-әдістемелік семинары өткізілді. Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дене тәрбиесі пәнінің бас жаттықтырушысы Ғабитова Алтын Ғабитқызы сөз сөйлеп, семинарға қатысушыларға сәттілік, шығармашылық табыс тіледі.

Семинарға Атырау облысының қала, аудандарынан білім бөлімінің әдіскерлері мен дене шынықтыру нұсқаушылары қатысты. Қатысқандар саны -60. Семинарды модераторы Атырау аймақтық дене тәрбиесі спортты дамыту орталығының дене тәрбиесі пәнінің бас жаттықтырушысы Алтын Ғабитқызы жүргізді. №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тоғызқұмалақтан I дәрежелі жаттықтырушы Сулейменова Айнагул бестемше ойының дамуы мен тарихы баяндап, ойынның негізгі ережесімен таныстырды. Ойынның негізгі ережесі бойынша бестемше ойының ойнау техникасы мен тактикасына тоқталды. Жарысқа қатысушылардың міндетімен таныстырды. Бестемшені ойнату жолдары тақырыбындағы дәрісін, практика жүзінде өткізді. Практикалық бөлімде Сулейменова Айнагул мен Ғабитова Алтын мұғалімдермен практикалық жұмыс жасады. Мұғалімдер іс-тәжірибе алмасты. Семинарға қатысқан мұғалімдерге Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының сертификаты табыс етілді.







